

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№11 ХАТТАМАСЫның қаулылары**

Түркістан қаласы

19 маусым 2025 жыл

Өткізілген орны: Мәдениет орталығы, кіші зал

Өткізілген уақыты: 2025 жыл 19 маусым, сағат– 11:30

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасына мониторинг нәтижелерін талдау (баяндамашылар: факультет декандары);
2. 2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі туралы (Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы – С.М.Мухиддинова);
3. Кәсіптік практикалардың қорытындысына мониторинг нәтижелерін талдау (Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы – С.М.Мухиддинова);
4. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелері (баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш. Шахабаев);
5. Әртүрлі мәселе
 - 5.1 6В10179-Медициналық-профилактикалық іс және 6В10173-Мейіргер ісі білім беру бағдарламаларына түсу балының төменгі шегін белгілеу туралы (баяндамашы: Медицина факультетінің деканы – Г.О.Нускабаева);
 - 5.2 Инновациялық ББ-на көшкен педагогикалық бағыттағы ББ оқу жоспарындағы пәндері бойынша ұсынысты талқылау (баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова);
 - 5.3 Академиялық департамент тарапынан әзірленген Университет ережелерінің жаңа нұсқаларын талдап, Сенат мәжілісіне бекітуге ұсыну (баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш. Шахабаев);
 - 5.4 ББ реестрінен шығару туралы (баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары - Қ.Полатбекова);
 - 5.5 Университет ОПК дайындаған оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарды талқылап бекіту (баяндамашылар: факультет декандары, ОӘК төрағалары);

5.6 2024-2025 оқу жылындағы көктемгі аралық аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы туралы (баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова);

5.7 Университеттің Оқу-әдістемелік комитетінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының есебі (баяндамашы: ОӘК хатшысы – И.Б. Усембаева);

5.8 Резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасын бекіту туралы (баяндамашы: Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы – Ж.А. Жағипарова);

5.9 Біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламаларын бекіту (Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – А. Бегманов);

5.10 2024-2025 оқу жылында бітіре алмаған білім алушылар үшін 2025-2026 оқу жылына жасалған Академиялық күнтізбесін талқылау туралы (баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова);

5.11 2025-2026 оқу жылына магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша пререквизиттер (Prerequisite) пәндерінің тізімін бекіту туралы (баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасына мониторинг нәтижелері назарға алынсын;

1.2 Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілері бойынша есеп берілсін (Жауаптылар: факультет декандары, орындалу мерзімі 20.08.2025ж.).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1 Түлектердің жұмысқа орналасуын талапқа сай жүзеге асыру үшін кадр даярлаушы кафедрада бекітілген іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізілсін (жауапты: факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі 23.06.2025ж.);

2.2 Бітіруші курс және 2, 3, 4-курс білім алушыларына **enbek.kz** электрондық еңбек биржасында кәсіптік практикадан өту және жұмысқа орналасу платформаларын таныстыру жұмыстары жүргізілсін (жауапты: факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері мен Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, Тіркеуші офисі).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1 Кәсіптік практиканың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы бойынша ақпараттар назарға алынсын;

3.2 Кәсіптік практика құжаттарында орын алған кемшіліктер жойылсын *(жауапты: факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері және кәсіптік практика жетекшілері, орындалу мерзімі 23.06.2025ж);*

3.3 2025-2026 оқу жылынан бастап Кәсіптік практика **enbek.kz** электрондық еңбек биржасының **«Студенттерге арналған кәсіптік практика»** (<https://enbek.kz/kk/practice>) порталында ұйымдастыру жоспарланған, кәсіптік практиканың құжаттары факультеттердің жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде әзірленіп, бекітілсін және дайындық АКТ-нде көрсетілсін *(жауапты: кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері және кәсіптік практика жетекшілері, топ әдвайзерлері - орындалу мерзімі 27.06.2025ж).*

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1 2024-2025 оқу жылындағы бағдарламалық аккредиттеу нәтижелері назарға алынсын;

4.2 Сыртқы эксперттер тарапынан анықталған кемшіліктер және жіберілген жақсарту ұсыныстары негізінде әзірленген әр ББ бойынша түзетуші әрекеттер жоспарлар бекітілсін *(Жауаптылар: АК төрағалары, кафедра меңгерушілері, факультет декандары);*

4.3 2025-2026 оқу жылында бағдарламалық аккредиттеуге ұсынылатын ББ тізімінің жобасы әзірленсін *(Жауаптылар: АК төрағалары, кафедра меңгерушілері, факультет декандары. Орындалу мерзімі 25.06.2025 ж.).*

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1 2025-2026 оқу жылына 6B101-Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша талапкерлерді қабылдау, түсу балының төменгі шегі 6B10179-Медициналық-профилактикалық іс білім беру бағдарламасына – 80 және 6B10173-Мейіргер ісі білім беру бағдарламаларына – 75 деңгейінде бекіту үшін Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын *(жауапты: Медицина факультетінің деканы – Г.О.Нускабаева);*

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.2.1 «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында Инновациялық білім беру бағдарламаларындағы педагогикалық компонент пәндері келесідей кафедраларға бекітілсін:

- «Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері» сервис пәні – Биология кафедрасына;

- «Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары» сервис пәні – Педагогика және психология кафедрасына;
- «Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары» сервис пәні – Педагогика және психология кафедрасына;
- «Инклюзивті білім беру ортасы» сервис пәні – Педагогика және психология кафедрасына;
- «Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту» пәні – Кадр даярлаушы кафедраға;
- «Оқыту әдістері мен технологиялары» сервис пәні – Педагогика және психология кафедрасына;
- «Бағалау және дамыту» сервис пәні – Педагогика және психология кафедрасына;
- «Педагогикалық зерттеулер» пәні – Кадр даярлаушы кафедраға;
- «Зерттеулер, даму және инновациялар» пәні – Кадр даярлаушы кафедраға;
- Педагогикалық практика – Кадр даярлаушы кафедраға *(Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Академиялық департамент)*;

5.2.2 Педагогикалық компонент пәндерін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне» сәйкес, Білім беру бағдарламаларындағы педагогикалық компонент пәндерін қамтамасыз ету барысында:

Оқытушылар құрамын бекіту кезінде пәндерге қойылатын біліктілік талаптарын сақтау басты басымдық болып белгіленсін. Атап айтқанда, «Педагогикалық ғылымдар» кадрларды даярлау бағыты бойынша профильдік пәндерді жүргізетін оқытушылардың:

- ғылыми дәрежесі болуы;
- негізгі жұмыс орны ретінде университетте қызмет етуі.

Егер жоғарыда аталған талаптарға сай келетін профессор-оқытушылар құрамы басқа білім беру бағдарламаларына қамтамасыз етіле алмаса, онда пәндер кадр даярлаушы кафедралардан қамтамасыз етілсін *(Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Академиялық департамент директоры)*;

5.2.3 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне» сәйкес, «Педагогикалық ғылымдар» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының бейіндік пәндерін, оның ішінде педагогикалық компоненттегі зерттеу бағытындағы пәндерді жүргізуге:

- негізгі жұмыс орны университет болып табылатын;
- мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдары базасында ғылыми зерттеулер жүргізетін;
- ғылыми дәрежесі бар оқытушылар тартылуы тиіс.

Аталған талаптарды орындау мақсатында педагогикалық компонент құрамындағы зерттеу пәндері ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын білікті профессор-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етілсін және университетте қалыптасқан тәртіппен анықталсын (*Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Академиялық департамент*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.3.1 Тізімде көрсетілген университет ережелерінің жаңартылған нұсқалары бекітілу үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

1. УЕ-ХҚТУ-016-2025 Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі, 2-ші нұсқа, 30.12.2021ж 1-ші нұсқаның орнына.
2. УЕ-ХҚТУ-030-2025 Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережесі, 2-ші нұсқа, 30.12.2021ж 1-ші нұсқаның орнына.
3. УЕ-ХКТУ-113-2025 Академиялық комитет ережесі, 2-ші нұсқа, 31.08.2022ж 1-ші нұсқаның орнына.
4. УЕ-ХКТУ-011-2025 Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі, 2-ші нұсқа, 21.09.2020ж 1-ші нұсқаның орнына.

5.3.2 Өзектілігі жоғалтылуына байланысты УЕ-ХҚТУ-017-2025 Элективті пәндер каталогын әзірлеу ережесі қолданыстан шығарылсын (*жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш. Шахабаев*);

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.4 Соңғы үш жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты төменде берілген кестедегі білім беру бағдарламалары ББ реестрінен шығару үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының орынбасары - Қ.Полатбекова*):

№	Білім беру саласындағы коды	Даярлау бағытының коды	ББ тобының коды мен атауы	ББ коды	ББ атауы	Ескерту
1	7М04-Бизнес, басқару және құқық	7М041-Бизнес және басқару	М072-Менеджмент және басқару	7М04160	Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент (1 жылдық)	3 жыл қатарынан қабылдау жүргізілмеген

2	7M041 Бизнес, басқару және құқық	7M041 Бизнес және басқару	M072- Менеджмент және басқару	7M04150	Білім беру саласындағы менеджмент (1 жылдық)	3 жыл қатарынан қабылдау жүргізілмеген
---	---	---------------------------------	--	---------	---	---

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.5 Төмендегі көрсетілген оқу құралдары кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

5.5.1 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Экология және химия» кафедрасының PhD, доцент м.а. Д.К.Берді, Инженерия факультеті «Компьютерлік инженерия» кафедрасының п.ғ.к., доценті Г.Ж. Ниязова және А.А. Миндетбаева «Цифрлық гигиена және кибербуллинг» атты оқу құралы (жоба қаражаты есебінен);

5.5.2 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Биология» кафедрасының б.ғ.к., доцент м.а. К.Т. Абдраимова, аға оқытушы З.М. Омарова және а.-ш.ғ.к., доцент м.а. М.Т. Ерденовтың дайындаған «Ауылшаруашылық экожүйелерінің биоиндикациясы» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.5.3 Түркі мемлекеттері ұйымының Мажарстандағы өкілдігінің жобалар директоры, PhD, доцент Қ.С. Ыдырыс, Экономика, басқару және құқық факультеті, «Халықаралық қатынастар» кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессоры м.а. М.К. Анламасова, с.ғ.к., доцент м.а. А.М. Нысанбаева және ОҚМПУ с.ғ.к., доценті Р.С. Тажитаева дайындаған «Geopolitics» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.5.4 Филология факультеті, «Түрік филологиясы» кафедрасының PhD, аға оқытушы Э.С. Адильбекованың дайындаған «Sozlu Kulturden Yazılı Edebiata Turk Halk Hikayeleri» атты түрік тіліндегі оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.6.1 2024-2025 оқу жылының **көктемгі** аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынсын;

5.6.2 2024-2025 оқу жылының **көктемгі** аралық аттестаттау нәтижелері факультет, кафедра деңгейінде талқыланып, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігіне талдау жасалынсын, **мерзімі 15.09.2025ж. күнге дейін** (жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары);

5.6.3 Емтихан түрлері бойынша факультеттерде аралық бақылау, емтихан бағалары талданып, факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясында қарастырылып, хаттамалары сайтқа жариялансын, **мерзімі 18.09.2025ж. күнге дейін** (жауапты: факультет декандары);

5.6.4 Емтихан түрлері бойынша бағалау медианасына сәйкестігі жекелей талданып, емтихан түрлері бойынша ұсыныстар дайындалсын, мерзімі **19.09.2025ж. күнге дейін** (жауапты: факультет декандары, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.7 Университеттің Оқу-әдістемелік комитетінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының есебі назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.8 Резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы бекітілсін (жауапты: Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы – Ж.А.Жағипарова).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.9 Біліктілікті арттыру орталығы әзірлеген оқу бағдарламалары төмендегі тізіммен бекітілсін: (Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – А. Бегманов)

- 1) «Қонақ үй кәсіпорындарындағы тіркеу және қабылдау бөлімін басқару», 72 сағат, қазақ және түрік тілінде;
- 2) «Қонақ үйдегі қабат қызметі операциялар және басқару», 72 сағат, қазақ және түрік тілінде;
- 3) «Қонақ үйлерде ландшафтық дизайн және оны іске асыру», 72 сағат, қазақ және түрік тілінде;
- 4) «Қонақ үйді басқару және маркетингі», 72 сағат, қазақ және түрік тілінде.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.10 2024-2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру мақсатында 2025-2026 оқу жылына жасалған Академиялық күнтізбе Сенатта бекітуге ұсынылсын (Жауапты: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ф-ОБ-001/1-007

5.11 2025-2026 оқу жылына магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша пререквизиттер (Prerequisite) пәндерінің тізімі бекітілсін (Қосымша 1) (Жауапты: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова).

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



И.Б.Усембаева